## Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 897 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілсін.

2. Жол картасын орындауға жауапты орталық мемлекеттік органдар, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері:

1) Жол картасы іс-шараларының тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 5 қаңтарға және 5 шілдеге қарай Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне Жол картасын іске асыру барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жыл сайын 20 қаңтарға және 20 шілдеге қарай Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Үкіметіне Жол картасын іске асыру барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі* *Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 897 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған ЖОЛ КАРТАСЫ

| Р/с № | Іс-шараның атауы | Аяқталу нысаны | Орындау мерзімі | Орындауға жауаптылар | Қаржыландыру көзі және болжанатын шығыстар (млн. теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| I. ҰЙЫМДЫҚ-ШТАТТЫҚ ҚҰРЫЛЫМДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | ІІО қызметтері мен бөліністерінің жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында олардың функцияларына талдау жүргізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар (ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 1.1. | Полиция, ҚАЖ, азаматтық қорғау органдары бөліністерінің функцияларына талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру | ІІМ бұйрығы | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар (ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 1.2. | ЭЫДҰ елдерінің және құқықтық тәртіп органдарын сәтті реформалаған посткеңестік мемлекеттердің полициясының ұйымдық-штаттық құрылуының халықаралық тәжірибесін зерделеу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы I тоқсан | жұмыс тобы | талап етілмейді |
| 1.3. | Функцияларға талдау жүргізудің бірыңғай әдістемесін дайындау | әдістеме | 2019 жылғы I тоқсан | жұмыс тобы | талап етілмейді |
| 1.4. | Полиция бөліністерінің функцияларына талдау жүргізу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы I тоқсан | жұмыс тобы | талап етілмейді |
| 1.5. | ҚАЖ бөліністерінің функцияларына талдау жүргізу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы I тоқсан | жұмыс тобы | талап етілмейді |
| 1.6. | Азаматтық қорғау органдары бөліністерінің функцияларына талдау жүргізу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы I тоқсан | жұмыс тобы | талап етілмейді |
| 2. | Штаттардың тұрақты жасақталмауының ІІО тиісті бөліністерінің қызметіне әсер етуіне талдау жүргізу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 3. | Әкімшілік шығыстардың тиімділігіне талдау жүргізу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, Қаржымині, ҰЭМ | талап етілмейді |
| 3.1. | Әкімшілік шығыстарды оңтайландыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 4. | Бірінші кезекте артық басқарушы буындардың есебінен штат санын кемінде 10 % қысқарта отырып, ұйымдық-штаттық құрылымды оңтайландыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 4.1. | Полиция бөліністерінің ұйымдық-штаттық құрылымын оңтайландыру | ІІМ бұйрығы | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4.2. | ҚАЖ бөліністерінің ұйымдық-штаттық құрылымын оңтайландыру | ІІМ бұйрығы | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 4.3. | ІІМ орталық аппаратының жаңа құрылымын, аумақтық полиция департаменттерінің, аудандық (қалалық, желілік) басқармаларының (бөлімдерінің) үлгілік құрылымдарын бекіту | ведомстволық НҚА | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 4.4. | Жол-патрульдік полициясының саптық бөліністерін патрульдік полиция етіп қайта құру | НҚА | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, ЖАО | ЖБ көзделген қаражат шегінде |
| 4.5. | ІІО сержанттық құрамын офицерлік санатқа ауыстыру жолымен оңтайландыру | ІІМ бұйрығы | 2019 – 2021 жылдар | ЖАО, ІІМ | ЖБ көзделген қаражат шегінде |
| II. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ЖАҚСАРТУ | | | | | |
| 5. | Полиция және ҚАЖ қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын, оның ішінде штат санын оңтайландырудан үнемделген қаражат есебінен көтеру | НҚА | 2019 жылғы III тоқсан | ІІМ, Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар (ПӘ-мен келісу бойынша) | РБ 2019 жыл – 10 171 млн. теңге 2020 жыл – 20 315 млн. теңге 2021 жыл – 21 276 млн. теңге |
| 5.1. | Полиция және ҚАЖ бөліністері атқарып отырған функцияларға байланысты лауазымдық жалақыларды көтеруді саралау тұрғысынан талдау жүргізу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 5.2. | Полиция және ҚАЖ қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын арттыруды қаржыландырудағы қажеттілікті есептеу | есеп | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 5.3. | Полиция және ҚАЖ қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын арттыруды бюджеттік қатынастар саласындағы уәкілетті органдармен келісу | бірыңғай ұстаным | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, ҰЭМ, Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар (ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 5.4. | Полиция және ҚАЖ қызметкерлерінің жалақысын арттыруға келісім алу үшін Мемлекет басшысының атына жіберілетін хаттың жобасын ПМК-ге енгізу | ПМК-ге ұсыныстар | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 5.5. | Үкіметтің 2017 жылғы 16 қазандағы № 646 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қаулы жобасын әзірлеу және мүдделі мемлекеттік органдармен келісу, кейіннен оны РБК қарауына шығару | РБК шешімі | 2019 жылғы II тоқсан | ІІМ, Қаржымині, ҰЭМ | талап етілмейді |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5.6. | Үкіметтің 2017 жылғы 16 қазандағы № 646 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша Үкімет қаулысының жобасын ПМК-ге енгізу | Үкімет қаулысы | 2019 жылғы II тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 6. | ІІО қызметкерлерінің тұрғын үй проблемаларын (тұрғын үйді жалдау үшін өтемақы, тұрғын үй төлемдеріне ауысу және т.б.) шешу механизмін пысықтау | ұсыныстар | 2019 жыл | ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар ( ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 6.1. | ІІО қызметкерлерін әскери қызметшілерге ұқсас өтемақылы тұрғын үй төлемдері механизміне ауыстыру бойынша ұсыныстар енгізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, Қаржымині | талап етілмейді |
| 6.2. | Үкіметтің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1209 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қаулы жобасын әзірлеу және мүдделі мемлекеттік органдармен келісу, кейіннен оны РБК қарауына шығару | РБК шешімі | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, Қаржымині, ҰЭМ | талап етілмейді |
| 6.3. | ІІО қызметкерлері үшін жеңілдікті ипотека ("7-20-25" бағдарламасы) бойынша бастапқы жарналарды ішінара субсидиялау мәселесін пысықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | жыл сайын | ІІМ, ЖАО | талап етілмейді |
| 6.4. | Тұрғын үй жалдауға (жалға алуға) өтемақы алуға құқығы бар ІІО қызметкерлерінің санаттарын, оның ішінде оларға тиісті қызметтердің (патрульдік полиция, учаскелік полиция инспекторлары, оның ішінде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторлары) басшы құрамын жатқызу арқылы кеңейту | НҚА | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | Р Б<br>2019 жыл – 4 062 млн. теңге<br>2020 жыл – 8 124 млн. теңге<br>2021 жыл – 8 124 млн. теңге |
| 7. | Қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан не мертіккен қызметкерлердің отбасына кепілдіктерді күшейту мәселесін пысықтау | НҚА | 2019 жылғы IV тоқсан | ІІМ, ЖАО, мүдделі мемлекеттік органдар ( ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 8. | Теңдестірілген жұмыс уақытын практикаға енгізу (жұмыс процестерін оңтайландыру) – ІІО-да регламенттелген жұмыс уақытын қатаң сақтауды қамтамасыз ету (8 сағаттық жұмыс күні, 40 сағаттық жұмыс аптасы) | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 9. | Қызметкерлердің отбасы мүшелерін мемлекеттік медициналық сақтандыру мәселесін пысықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жыл | ІІМ, ДСМ, ҰЭМ | талап етілмейді |
| III. КАДРЛАРДЫ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ДАЯРЛАУ. ВЕДОМСТВОЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10. | Полицейдің жаңа стандартын әзірлеу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | жарты жылда бір рет | ІІМ | талап етілмейді |
| 10.1. | Қоғамның полиция қызметкерінің бейнесін қабылдау стереотипін зерделеу | ІІМ-ге ақпарат | 2019 жыл | ҚДМ, ІІМ | талап етілмейді |
| 10.2. | Полиция қызметкерінің (полицей стандарты) жеке және кәсіптік қасиеттеріне ұсынымдар (стандартты талаптар) дайындау | ІІМ бұйрығы | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 10.3. | Халықтың полиция қызметкерінің бейнесін қабылдауын жақсарту бойынша шаралар қабылдау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 – 2021 жылдар | ІІМ | талап етілмейді |
| 11. | Полиция қызметкерлерін, соның ішінде ведомстволық білім беру мекемелерінің қызметкерлерін кезектен тыс аттестаттаудан өткізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы ІІ тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 11.1. | "Кезектен тыс аттестаттау өткізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасын әзірлеу және келісу | Жарлық | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 11.2. | Кезектен тыс аттестаттау өткізу туралы бұйрық дайындау | ІІМ бұйрығы | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 11.3. | Кезектен тыс аттестаттау өткізу | отырыс хаттамалары, Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы І-ІІ тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 12. | Ішкі істер органдарына қызметке тек ІІМ оқу орындары (полиция академиялары) арқылы қабылдау жүйесін енгізу | НҚА | 2019 жылғы ІІІ тоқсан | ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар (ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 13. | "Е-кадр" автоматтандырылған ақпараттық жүйесін әзірлеу және енгізу мәселелерін пысықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жыл | ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар (ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 14. | Арнайы бастапқы даярлықтың сапасын арттыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы ІІІ тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 14.1. | Арнайы бастапқы даярлықтан өту мерзімдерін оқыту бейініне (құқық қорғау мамандығына) байланысты 3-6 айға дейін ұзарту | ІІМ бұйрығы | 2019 жылғы ІІ тоқсан | ІІМ | көзделген қаражат шегінде |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14.2. | Арнайы бастапқы оқытудың жаңа тәсілдеріне сәйкес үлгілік жоспарлар мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту | жоспарлар, бағдарламалар | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 14.3. | ІІМ ЖОО базасында бастапқы даярлық курстарын енгізу | ІІМ бұйрығы | 2019 жылғы III тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 14.4. | Алғашқы даярлық курстарында оқитындарды нысанды киім-кешекпен қамтамасыз ету бойынша мәселелерді пысықтау | НҚА | 2019 жылғы III тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 14.5. | Алғашқы даярлық курстарында оқитындарға стипендия төлеу жөніндегі мәселені пысықтау | НҚА | 2019 жылғы III тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 15. | ІІО-ға қызметке алғаш қабылданатын адамдардың саптық полиция бөліністерінде міндетті түрде қызмет өткеруін практикаға енгізу мәселесін пысықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы IV тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 16. | Жұмыс істеп жүрген қызметкерлерді міндетті түрде кәсіптік оқыту болжанатын кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | тоқсан сайын | ІІМ | талап етілмейді |
| 16.1. | ІІО-ның жұмыс істеп жүрген қызметкерлеріне ішкі ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша сабақ өткізу | анықтама | 2019 жылғы I тоқсаннан бастап | ІІМ | талап етілмейді |
| 16.2. | Халықпен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын (патрульдік полиция және т.б.) ІІО бөліністерінің жұмыс істеп жүрген қызметкерлеріне психологиялық даярлық бойынша сабақ өткізу | анықтама | 2019 жылғы I тоқсаннан бастап | ІІМ | талап етілмейді |
| 16.3. | Жұмыс істеп жүрген қызметкерлерді қайта даярлау (мамандануды ауыстыру) және біліктілігін арттыру (практикаға бағдарланған тренингтер) бағдарламаларын қайта қарау | Президент Әкімшілігіне ақпарат, оқу бағдарламалары | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 16.4. | Жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің жұмысының ерекшелігі айтарлықтай өзгерген жағдайда міндетті кәсіптік қайта даярлауды енгізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат, қайта даярлау курстары | 2019 жылғы III тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 16.5. | Қалалық, аудандық, желілік органдардың басшылары лауазымдарына ұсынылатын қызметкерлердің кәсіптік даярлау курстарынан міндетті түрде өтуін енгізу ( шешендік өнерді, көпшілік алдында сөз сөйлеу машықтарын және т.б. қоса алғанда ) | анықтама | 2019 жылғы III тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 17. | ІІМ оқу орындарын 5 заманауи полиция академиясы етіп қайта құру арқылы оңтайландыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы III тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 18. | ІІМ ЖОО-ларда бакалаврларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысының санын азайту, оларды ІІМ-нің Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында сақтап қалу | Үкімет қаулысы | 2019 жылғы II тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 18.1. | Полиция академиялары институтын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету | НҚА | 2019 жылғы I-II тоқсан | ІІМ, БҒМ | талап етілмейді |
| 19. | Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және тілдік даярлық кафедраларының профессорлық-оқытушылық құрамын әлеуметтік қамтамасыз етуді, барлық жеңілдіктер мен артықшылықтарды сақтай отырып, арнаулы атақтарынан айыру | НҚА | 2019 жыл | ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар ( ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 20. | ІІМ оқу орындарын "Бұлтты құжат айналымы" жүйесіне және ІІМ ақпараттық жүйелеріне қосу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019-2021 жылдар | ІІМ, БП ( келісу бойынша), АКМ | талап етілмейді |
| 21. | ІІМ оқу орындарының кадр бөліністерін құқық қорғау және арнаулы органдардың ақпараттық алмасу жүйесіне қосу мәселесін пысықтау (ҚАОААЖ) | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жыл | ІІМ, БП ( келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 22. | ІІМ оқу орындарын жергілікті бюджеттерден бірлесіп қаржыландыру мүмкіндігі туралы мәселені пысықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жыл | ІІМ, ЖАО, ҰЭМ, Қаржымині | талап етілмейді |
| IV. ТӘН ЕМЕС ФУНКЦИЯЛАРДЫ ҚҰЗЫРЕТТЕН АЛЫП ТАСТАУ | | | | | |
| 23. | ІІО бөліністері мен қызметтерінің функцияларын талдау нәтижесін ескере отырып, ІІО құзыретінен тән емес функцияларды алып тастау | Президент Әкімшілігіне ақпарат, НҚА | 2019 жылғы I-III тоқсан | ІІМ, мүдделі органдар және ұйымдар ( ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 23.1. | ІІО құзыретінен тән емес функцияларды алып тастау бойынша ұсыныстар әзірлеу | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, мүдделі органдар және ұйымдар ( ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 23.2. | Тән емес функцияларды басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қарамағына не бәсекелі ортаға беру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, мүдделі органдар және ұйымдар ( ПӘ-мен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 23.3. | Қазіргі уақытта ІІО ведомстволық денсаулық сақтау жүйесінің өңірлік госпитальдары құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне ұсынып отырған стационарлық медициналық көмек қызметтерін көрсету бойынша функцияларды азаматтық денсаулық сақтау органдарының қарамағына беру | Президент Әкімшілігіне ұсыныстар | 2019 жылғы III тоқсан | ІІМ, ДСМ, ЖАО, БП, ( келісу бойынша) ЭТҚ, Ұлттық бюро ( келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 24. | Объектілердің жекелеген санаттарын күзету жөніндегі функцияларды басқа мемлекеттік органдарға және бәсекелі ортаға беру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы IV тоқсан | ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ЖАО және ұйымдар ( заңды тұлғалар) ( ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 24.1. | Заңды тұлғалар объектілерінің жекелеген санаттарын күзету мәселесін пысықтау және бәсекелі ортаға беру | Үкімет қаулысы | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ұйымдар ( заңды тұлғалар) ( ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 24.2. | Мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты объектілерді күзету мәселесін пысықтау және бәсекелі ортаға беру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы IV тоқсан | ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар ( ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 24.3. | ЖАО ведомстволық бағынысты объектілерді күзету үшін жеке күзет ұйымдарының қызметтерін сатып алу мәселесін пысықтау және функцияларды бәсекелі ортаға беру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы III тоқсан | ЖАО, Қаржымині, ҰЭМ, ІІМ | талап етілмейді |
| 24.4. | Тиісті күзет құрылымдарын құру мәселелерін пысықтау және Жоғарғы Сот пен Бас прокуратураға өздеріне ведомстволық бағынысты объектілерді күзету жөніндегі функцияларды беру | НҚА | 2019 жылғы IV тоқсан | ҰЭМ, Қаржымині, ІІМ, БП ( келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша) | талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 25. | Спорттық, мәдени-бұқаралық іс-шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ІІО бөліністерін жаппай тарту практикасын, оның ішінде ұйымдастырушылардың жеке күзет ұйымдарын тартуы арқылы қысқарту мәселесін пысықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, МСМ, ЖАО | талап етілмейді |
| V. ХАЛЫҚПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ЖАҢА ФОРМАТТАРЫ | | | | | |
| 26. | ІІО-ның азаматтармен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын бөліністері жұмысының, оның ішінде дөрекілік және немқұрайлық көріністеріне ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюды болжайтын стандарттары мен алгоритмдерін қайта қарау | Президент Әкімшілігіне ақпарат, ведомстволық НҚА | 2019 – 2021 жылдар | ІІМ | талап етілмейді |
| 26.1. | ІІО-ның халықпен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын қызметкерлерінің еңбек шарттарына және нормативтік құқықтық ( нұсқамалық) регламенттеуге талдау жүргізу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 26.2. | ЭЫДҰ елдерінде полицияның халықпен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын қызметкерлерінің еңбек жағдайларының және нормативтік құқықтық (нұсқамалық) регламенттеудің халықаралық тәжірибесін зерделеу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 26.3. | Ұлттық және халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, ІІО-ның халықпен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын бөліністері жұмысының жаңа нысандары мен алгоритмдерін әзірлеу және енгізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат, ведомстволық НҚА | 2019 жылғы II тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 26.4. | Кезекші қызметтерде жұмыс істеу үшін қызметкерлердің арнайы психологиялық даярлығын қоса алғанда, ІІО-ның халықпен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын бөліністері қызметкерлерінің еңбек жағдайларын қайта қарау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы II тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 26.5. | Азаматтардың қоғамдық тәртіпті бұзу ( фото, бейне) фактілері туралы хабарлауы үшін кері байланыс функциясы бар (өзара іс-қимыл жасасудың сервистік моделі) мобильді қосымша әзірлеу жөніндегі мәселені пысықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат, ведомстволық НҚА, мобильді қосымша | 2019 – 2020 жылдар | ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ҮЕҰ ( ПӘ-мен келісу бойынша) | МЖӘ шеңберінде |
| 27. | Азаматтарды қабылдау үшін орналасқан жері ыңғайлы және жұмыс кестесі бар ІІО мамандандырылған үй-жайларын ( фронт-офистер) құру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 – 2020 жылдар | ІІМ | РБ, ЖБ көзделген қаражат шегінде |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 27.1. | ІІО фронт-офистерін ресімдеу бойынша бірыңғай үлгіні әзірлеу | таныстыру | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 27.2. | Фронт-офистерде және кезекші қызметтерде жұмыс істеу үшін қызметкерлерді сапалы іріктеуді, оларды арнайы психологиялық даярлауды жүзеге асыру | ІІМ бұйрығы | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 27.3. | Фронт-офистерді қазіргі заманғы техникамен және қажетті анықтамалық материалдармен жабдықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I-II тоқсан | ІІМ | көзделген қаражат шегінде |
| 27.4. | Фронт-офистерді құру бойынша аумақтық бөліністердің арасында конкурс өткізу | анықтама | 2019 жылғы ІІ тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 28. | Полиция нысанды киіміне ребрендинг жүргізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019–2021 жылдар | ІІМ | көзделген қаражат шегінде |
| 28.1. | ЭЫДҰ елдерінің полиция нысанды киімінің модельдерін зерделеу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 28.2. | Полицияның жаңа нысанды киімінің эскизін пысықтау | эскиздер | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 28.3. | Жаңа нысанды киім-кешек дизайнын әзірлеу және полицияның нысанды киімінің үлгілерін тігу бойынша көрсетілген қызметтерге мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу | шарт | 2019 жылғы ІІ тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 28.4. | Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге нысанды киім-кешек бойынша өзгерістер енгізу | ІІМ бұйрықтары | 2019 жылғы ІІІ тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 28.5. | ІІО қызметкерлерін жаңа үлгідегі нысанды киім-кешекпен кезең-кезеңімен қамтамасыз ету | қамтамасыз ету | 2020 – 2021 жылдар | ІІМ, Қаржымині, ЖАО | көзделген қаражат шегінде |
| 29. | ІІО имиджін және жұртшылықпен байланыс сапасын арттыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | үнемі | ІІМ, ЖАО, мүдделі мемлекеттік органдар (ПӘ-мен келісу бойынша) | |
| 29.1. | БАҚ-пен өзара іс-қимыл жасасу және БАҚ-та және интернет-кеңістікте теріс және сыни жарияланымдарға ден қою бойынша құқық қорғау органдарының жұмысын ұйымдастырудың халықаралық (ЭЫДҰ елдері) және отандық тәжірибесін зерделеу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 29.2. | ІІО имиджін арттыру жөніндегі медиа-жоспарды әзірлеу | медиа-жоспар | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ, ЖАО, мүдделі мемлекеттік органдар ( ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 29.3. | Жұртшылықтың полицияны оң қабылдауын қалыптастыру бойынша ақпараттық жұмыс жүргізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | үнемі | ІІМ, ЖАО, мүдделі мемлекеттік органдар ( ПӘ-мен келісу бойынша) | көзделген қаражат шегінде |
| 29.4. | БАҚ-тағы және интернет-кеңістіктегі теріс және сыни жарияланымдарға жедел ден қоюдың стандартты алгоритмін әзірлеу және енгізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат, ведомстволық НҚА | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 29.5. | БАҚ-тағы және интернет-ресурстардағы жарияланымдарды негізгі сөздер бойынша мониторингтеуді жүзеге асыру үшін ақпараттық-талдамалық бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану мәселесін пысықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 29.6. | БАҚ-тағы және интернет-ресурстардағы жарияланымдарды негізгі сөздер бойынша мониторингтеуді жүзеге асыру бойынша қызметтерге қолжетімділікті мемлекеттік сатып алу рәсімдері арқылы сатып алу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 – 2021 жылдар | ІІМ | көзделген қаражат шегінде |
| VI. БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ӨЛШЕМШАРТТАРЫН ЕНГІЗУ | | | | | |
| 30. | Жүктелген міндеттерді іске асырудың сапасын және халықтың қауіпсіздік пен полиция қызметі тиімділігінің жай-күйін бағалауын объективті түрде көрсететін көрсеткіштерді қамтитын полиция қызметін бағалау өлшемшарттарының жаңа жүйесін әзірлеу және енгізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы ІІ тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 30.1. | Полиция қызметін бағалау өлшемшарттарының жаңа жүйесін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру | ІІМ бұйрығы | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 30.2. | ЭЫДҰ елдеріндегі құқық қорғау органдарының қызметін бағалаудың халықаралық тәжірибесін зерделеу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 30.3. | Халықаралық тәжірибені ескере отырып, полиция қызметін бағалау өлшемшарттарының тізбесін әзірлеу | ІІМ бұйрығы | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 30.4. | Полиция қызметін бағалау өлшемшарттарын Қоғамдық кеңестің және жұртшылықтың басқа да өкілдерінің қарауына шығару | қоғамдық кеңес отырысының хаттамасы | 2019 жылғы І тоқсан | ІІМ, ҮЕҰ | талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 30.5. | Жүктелген міндеттерді іске асырудың сапасын және халықтың қауіпсіздік пен полиция қызметі тиімділігінің жай-күйін бағалауын объективті түрде көрсететін көрсеткіштерді қамтитын полиция қызметін бағалау өлшемшарттарының жаңа жүйесін енгізу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы II тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 31. | "Халықтың құқық қорғау органдарына сенім деңгейі" ішінара зерттеу жүргізу | статистикалық бюллетень | жыл сайын | ҰЭМ, ІІМ, БП (келісу бойынша) | көзделген қаражат шегінде |
| 32. | Ведомстволық есептілікті оңтайландыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат, ведомстволық НҚА | 2019 жылғы II тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 32.1. | Құқықтық статистиканың қалыптасқан жүйесінің қылмысқа қарсы күреске және қоғамдық тәртіпті сақтауға залал келтіру арқылы көрсеткіштердің соңына түсуге жағдай жасайтын факторларды анықтау тұрғысынан ІІО қызметіне ықпалына талдау жүргізу | талдамалық анықтама | 2019 жылғы I тоқсан | БП (келісу бойынша), ІІМ | талап етілмейді |
| 32.2. | Ведомстволық есептілікті қысқарту | ІІМ бұйрығы | 2019 жылғы II тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| VII. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН СЕБЕПТЕР МЕН ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЖОЮ | | | | | |
| 33. | ІІО қызметтері мен бөліністерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу | талдамалық анықтама | жыл сайын | ІІМ | талап етілмейді |
| 34. | Ішкі істер органдары көрсететін мемлекеттік қызметтерді барынша автоматтандыруды қамтамасыз ету | Президент Әкімшілігіне ақпарат | жыл сайын | ІІМ | талап етілмейді |
| 35. | Халықпен тікелей байланысатын патрульдік полиция қызметкерлерін бейнетіркегіштерсіз, жазбаны сөндіру немесе оны тиісті деректер базаларынан алу мүмкіндігін жоя отырып, жұмысқа жібермеу бойынша шараларды қабылдау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 36. | Теріс пайдаланулардың жолын кесу және қызметтік міндеттерін адал атқарып жатқан қызметкерлерді қорғауды қамтамасыз ету арқылы өзіндік қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін арттыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы II тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 37. | Құқық бұзушылықтар, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылықтар жасағаны үшін ІІО қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігін арттыру мәселесін пысықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы IV тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| VIII. ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ | | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 38. | Жазаны өтеу режимдерін қысқарту ( төтенше қауіпсіздік режимін жою) арқылы мекемелер мен штат санын оңтайландыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат, НҚА | 2019 жылғы III тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 39. | Тиісті объектілерді 2021 жылдан бастап пайдалануға беруді көздейтін ҚАЖ мекемелерінің тізбесін анықтай отырып, камерада ұстауға арналған тұрғын үй блоктарын реконструкциялау жөніндегі 2019-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу | НҚА | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар ( ПӘ-мен келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 40. | Сотталғандарды медициналық қамтамасыз етуді Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағына беру мәселесін пысықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, ДСМ, БП (келісу бойынша), Қаржымині, ҰЭМ | талап етілмейді |
| 41. | Кәмелетке толмағандарға арналған тәрбиелеу колониясын Білім және ғылым министрлігінің қарамағына беру мәселесін пысықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, БҒМ, БП (келісу бойынша), Қаржымині, ҰЭМ | талап етілмейді |
| 42. | Әкімдіктердің пробация қызметтерімен өзара іс-қимыл жасасуын күшейту және ЖАО-ға пробация қызметтерін қаржыландыру құқығын заңнамалық түрде беру мәселесін пысықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, ЖАО, Қаржымині, ҰЭМ | талап етілмейді |
| 43. | Пробация қызметтеріне штат санының шегінде психологтардың лауазымдарын енгізу | Үкіметке ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | көзделген қаражат шегінде |
| 44. | Зорлық-зомбылық қылмыстары үшін сотталғандарды ҚАЖ мекемелерінде бөлек ұстауды практикаға енгізу | Президент Әкімшілігіне ақпарат, НҚА | 2019 жылғы III тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 45. | Сотталғандардың тамақтануын ұйымдастыруды ҚАЖ кәсіпорындарына беруді жүзеге асыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы II тоқсан | ІІМ, Қаржымині, БП (келісу бойынша) | талап етілмейді |
| 46. | Қолданыстағы заңнамалық актілерге:<br>- жазаның өтелмеген бөлігін жазаның жеңілдеу түріне ауыстыруды және науқастануына байланысты босатуды қолдану;<br>- сотталғандарға өтініштерін электрондық құжат түрінде жолдау құқығын беру;<br>- жазасын жеңілдікті жағдайларда өтеп жатқан сотталғандардың азық-түлік және бірінші кезекте қажетті заттарды шектеусіз ақшасыз есеп айырысу бойынша сатып алу құқығын бекіту;<br>- бір адамдық камераларда ұстау мерзімін 6-дан 4 айға дейін азайту;<br>- сотталғандарға сәлемдемелердің санын көбейту;<br>- сотталғандарды бір мекемеден екінші | НҚА | 2019 жылғы III тоқсан | ІІМ, БП ( келісу бойынша), ДСМ, Әділетмині | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мекемеге ауыстыру шарттарын ( өлшемшарттарын) нақтылау ( сотталғандардың әлеуметтік байланыстарын қолдау үшін); - қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде ұсталатын сотталғандар қадағалаусыз жүріп тұра алатын шекараларды кеңейту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу | | | | талап етілмейді |
| 47. | Еуропа елдері мен АҚШ тәжірибесі бойынша (Теміртау, Астана (Сарыарқа ауданы) қалаларында және Баянауыл ауылында өткізілген "пилоттық" жобаны ескере отырып) пробация қызметінде есепте тұрған құқық бұзушының тәуекелін бағалау құралын енгізудің нәтижелерін талдау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы IV тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 48. | "Еңбек" РМК-де басқару құрылымын оңтайландыру және қаржылық тәртіпті жоғарылату бойынша, оның ішінде сотталғандардың еңбекпен барынша қамтылуын және ҚАЖ қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздеуді қамтамасыз ететін шаралар қабылдау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | жарты жылда бір рет | ІІМ | талап етілмейді |
| 49. | Персоналдың сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің және сотталғандар тарапынан арандатушылықтардың алдын алу мақсатында ҚАЖ мекемелерінде ( қызметкерлердің стационарлық және жеке камералары) бейнебақылау жүйесін кеңейту | Президент Әкімшілігіне ақпарат | жарты жылда бір рет | ІІМ | көзделген қаражат шегінде |
| 50. | ҚАЖ мекемелерінің аумағында өндірістер құруға жеке бизнесті тарту | Президент Әкімшілігіне ақпарат | жарты жылда бір рет | ІІМ | талап етілмейді |
| IX. АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫН ЖАҢҒЫРТУ | | | | | |
| 51. | Төтенше жағдайлар комитетінің құрылымын қайта қарау | Президент Әкімшілігіне ақпарат, НҚА | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 52. | Өңірлік аэромобильді жедел-құтқару және жедел-құтқару жасақтарын облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметтеріне қосу арқылы оңтайландыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат, НҚА | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ | талап етілмейді |
| 53. | Трассалық медициналық-құтқару пункттерінің мәртебесін, ведомстволық тиесілігін және одан әрі жұмыс істеуін анықтау | Президент Әкімшілігіне ақпарат | 2019 жылғы I тоқсан | ІІМ, ДСМ, ЖАО | талап етілмейді |
| 54. | Қызметкерлерді бастапқы даярлауды Көкшетау техникалық институтының базасында ғана ұйымдастыру | Президент Әкімшілігіне ақпарат, НҚА | 2019 жылғы II тоқсан | ІІМ | көзделген қаражат шегінде |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | БАРЛЫҒЫ | | | | Р Б<br>2019 жыл – 14 233 млн. теңге<br>2020 жыл – 28 439 млн. теңге<br>2021 жыл – 29 400 млн. теңге |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

АКМ – Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

ЖБ – жергілікті бюджеттер

ЖОО – жоғары оқу орындары

ЖС – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

ҚАЖ – қылмыстық-атқару жүйесі

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ҚДМ – Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігі

МЖӘ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік

МСМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

НҚА – нормативтік құқықтық актілер

ПӘ – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

РБ – республикалық бюджет

РБК – Республикалық бюджет комиссиясы

РМК – республикалық мемлекеттік кәсіпорын

Ұлттық бюро – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)

ҰЭМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйымдар

ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ІІО – ішкі істер органдары

ЭТҚ – Экономикалық тергеу қызметі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК